



Автор: Нарымбаева Әйгерім Жәнібекқызы
Пән: Музыка
Сынып: 2-сынып
Бөлім: Менің мектебім
Тақырып: Мектептегі бір күнім

Мектептегі бір күнім	Барлық оқушылар: •Оқулықта берілген тапсырмаларды орындайды. Тақырыпты меңгереді. Оқушылардың басым бөлігі: •Тақырыптың маңызы туралы дәлелдеп айтып бере алады. Кейбір оқушылар: •Білімді сыныптастарына түсіндіріп оқулықтан тыс ресурстар қоса алады.
----------------------	---

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы, Сабақтың ортасы, Сабақтың соңы	<p>Топқа бөлу 2 минут</p> <p>Психологиялық ахуал қалыптастыру: «Көрші» Мақсаты: әрбір қатысушының сол топтың бір мүшесі екендігін сезінуі, бір-біріне жылылық сыйлау. Нұсқаулық: Көршіңді оң жақтан құшақта, Көршіңді сол жақтан құшақта. Оң жақтағы көршіңе бір жымып, Сол жақтағы көршіңе бір жымып, Бүгінгі тренинг барысы, Біз үлкен отбасы.</p> <p>Мағынаны ажырату</p> <p>Ой қозғау: 3 минут №1 слайд (барлық оқушылар табады) Жұмбақ: Бір ұяда жеті жұмыртқа (аптаның жеті күні) Оқушыларға сұрақ: 1. Бір аптада неше күн бар? (7) 2. Осы 7 күннің де өзіндік атаулары бар. Кім біледі? №2 слайд орыс және ағылшын тілдерде апта күндерін айтады 3. Осы 7 күннің неше күнінде мектепке келесіңдер? Ал бүгін қай күн? 4. Тақырыпты болжау. Олай болса, бүгінгі сабағымыз не жайлы деп ойлайсыңдар? (Сұрақтар арқылы оқушыларды тақырыпты болжауға жетелеу). Иә, бүгінгі сабағымыз осы апта күндері жайлы және соның ішінде мектептегі бір күніміз жайлы болмақ. Білу және түсіну 5 минут Оқушылар оқулықтағы негізгі тақырыппен танысады. Дәптермен жұмыс. Қолдану 3 минут.</p> <p>Тыңдату және талдау 7 минут 1 топқа С.Еркімбаевтің «Воспоминание(еске алу)» шығармасы 2 топқа Құрманғазы «Балбырауын» 3 топқа В.А.Моцарт «Рондо»</p>	